

**2019-2021 жылдарға арналған  
Бестамақ ауылдық округ  
бюджетін бекіту туралы**

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджеттік кодексінің 9-1 және 52-1 баптарына, Қазақстан Республикасының 2001 жылдың 23 қаңтарындағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңына сәйкес, Алға аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. 2019-2021 жылдарға арналған Бестамақ ауылдық округ бюджеті 1, 2 және 3 қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2019 жылға мына көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер - 63 209 мың теңге;

оның ішінде:

салықтық түсімдер - 7 157 мың теңге;

трансферттер түсімдері - 56 052 мың теңге;

2) шығындар –63 209 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредит беру –0 мың теңге;

оның ішінде:

бюджеттік кредиттер - 0 мың теңге;

бюджеттік кредиттерді өтеу - 0 мың теңге;

4) қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо – 0 мың теңге;

оның ішінде:

қаржы активтерін сатып алу - 0 мың теңге;

5) бюджет тапшылығы - 0 мың теңге;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру - 0 мың теңге.

2. Бестамақ ауылдық округ бюджетінің кірісіне есептелетіндігі ескерілсін:

салықтық түсімдер:

жеке табыс салығы;

жеке және заңды тұлғалар, жеке кәсіпкерлер мүлкіне салық;  
жер салығы;  
бірыңғай жер салығы;  
көлік құралдарына салық;

3. Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 30 қарашадағы «2019-2021 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Заңының 8 бабына сәйкес белгіленгені еске және басшылыққа алынсын:

2019 жылдың 1 қаңтарынан бастап:

- 1) жалақының ең төмен мөлшері – 42 500 теңге;
- 2) жәрдемақыларды және өзге де әлеуметтік төлемдерді есептеу, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айыппұл санкцияларын, салықтарды және басқа да төлемдерді қолдану үшін айлық есептік көрсеткіш - 2 525 теңге;
- 3) базалық әлеуметтік төлемдердің мөлшерлерін есептеу үшін ең төмен күнкөріс деңгейінің шамасы – 29 698 теңге.

4. 2019 жылға арналған ауылдық округ бюджетінде аудандық бюджеттен берілетін субвенциялар 56 052 мың теңге сомасында ескерілсін.

5. "Алға аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімді Алға аудандық Әділет басқармасында мемлекеттік тіркеуді;

2) осы шешімді Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкіне ресми жариялауға жіберуді;

3) осы шешімді Алға аудандық мәслихатының интернет – ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Осы шешім 2019 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

**Аудандық мәслихат**  
**сессиясының төрағасы**  
**К.Ксупов**

**Аудандық мәслихат**  
**хатшысы**  
**Б.Жұмабаев**